

## ҚҰРКЕЛЕСТЕ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ

Бүгін Құркелес ауылдық округі тұрғындарымен кездесу болып өтті.

Жиынға аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Н.Талипов, аудандық мәслихаттың депутаты Ш.Ибрагимов, ауданның дербес бөлім басшылары, ауыл билері, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл тұрғындары және жергілікті полиция инспекторлары қатысты.

Кездесу барысында аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Н.Талипов Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы тоқталып, одан соң Сарыағаш ауданында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады.

Аудандық мәслихаттың депутаты Ш.Ибрагимов ауылдық округі тұрғындарына «Сарыағаш аудандық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы» баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға толығымен тоқталып, сонымен қатар аудандық мәслихат депутаттарының өз тараптарынан демеушілік есебінен атқарып жатқан жұмыстарымен де таныстырды. Жергілікті атқарушы орган және аудандық мәслихат алдағы уақытта да бірлесе отырып жұмыс істесек ауданымыз одан әрі дамитындығына сенімін білдірді.

Кездесуден кейін ауылдық округ тұрғындарын жеке өтініші бойынша арнайы қабылдап, заң аясында жауап берілді. Ауылдық округ әкімі мен тиісті мекеме басшыларына өтінішттерді назарға алып, заңға сәйкес оң шешуді тапсырды.